

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ БӨЛІМІ

ҚАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ БӨЛІМІ

№ 477/3 Б. 03

12.03

«RG BRANDS» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНІЗІТУ ТУРАЛЫ



1. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 6-бабының 6.1 тармағы келесідей редакцияда бекітілсін:

«Қоғам артықшылықты акцияларды да шығаруға құқылы. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес процентінен аспауға тиіс».

2. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 6-бабының 6.6 тармағы өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Жай және артықшылықты акцияларды шығарудың, орналастырудың және акциялар айналымының шарттары мен тәртібі акциялар шығарылымының проспектісімен анықталады».

3. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 6-бабы 6.9 тармағымен толықтырылып, келесідей редакцияда бекітілсін:

«Төмендегі белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.

Осы баптың 3) тармақшасында көзделген жағдайда акционердің – артықшылықты акциялардың меншік иесінің қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленген күннен бастап тоқтатылады.

Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы».

4. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 7-бабының 7.2 тармағының екінші сөйлемі өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу акционерлердің жалпы жиналысының/жалғыз акционердің шешімімен жылына бір рет жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналыстың/жалғыз акционердің жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде, бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

Қоғам артықшылықты акциялардың меншік иелеріне жылына бір рет бір артықшылықты акцияға шаққанда 240 (екі жүз қырық) теңге көлемінде дивидендтер төлеуге кепілдік береді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді».

em

5. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 7-бабының 7.3 тармағы өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу төмендегі жағдайларда рұқсат етілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

Жоғарыда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғам органының шешімін талап етпейді».

6. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 7-бабы 7.4 тармағымен толықтырылып, келесідей редакцияда бекітілсін:

«Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында келесі тізіп келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті:

- 1) қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивидентінің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын датасы;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны»;

7. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 9-бабының 9.4 тармағының 10 тармақшасы өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Қолданыстағы заңда көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау»;

8. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 9-бабының 9.16 тармағы келесі сөйлемдермен толықтырылып, келесідей редакцияда бекітілсін:

«Егер шешімге енгізуге орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, күн тәртібі артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселемен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды».

9. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 9-бабының 9.35 тармағының екінші сөйлемі өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Заңда және қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұқсан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс».

10. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 10-бабының 10.1 тармағы өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Директорлар кеңесі туралы ережесін басшылыққа ала отырып, заңмен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты атқарады».

11. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 11-бабының 11.1 тармағының бірінші сөйлемі өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, сонымен қатар Басқарма туралы ережесін басшылыққа ала отырып, қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді».

12. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 11-бабының 11.7 тармағындағы «Төрағасының орынбасарымен» деген сөздері «мүшелерінің біреуімен» деген сөздермен алмастырылсын.

13. «RG Brands» акционерлік қоғамы жарғысының 11-бабының 11.9 тармағының бірінші сөйлемі өзгертіліп, келесідей жаңа редакцияда бекітілсін:

«Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Басқарма туралы ережесімен, осы тұлға мен қоғам арасында жасалған еңбек шартымен, сонымен қатар Басқарма Төрағасының бұйрықтарымен белгіленеді».

«RG Brands» АҚ-ның
Акционерлерінің атынан
«RG Brands» Акционерлік қоғамының
басқарма төрағасы



David Paul Westall
(Дэвид Пол Весталл)

DAVID PAUL WESTALL